

# Bookcrossing жобасы

## Bookcrossing

2021-2022 оқу жылында мектебімізде өскелен үрпақтың кітап пен кітапқа деген көзқарасын жақсарту мақсатында, «Оқы және өзгеге сыйла» қағидатына негізделген қарапайым әрекеттен тұратын Bookcrossing жобасын үйымдастыру қолға алынды. Алдағы уақытта аталған жобаны жоғары деңгейде үйымдастыру үшін кітап алмасатын орындар және оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыратын іс-шаралар жоспары дайындалады.

**Буккроссинг** (ағылшын тілінде «кітаптың айналыста жүруі») – «өзің оқысан, өзгеге табыс ет» қағидасына негізделген хобби мен адам және кітап арасын жақыннататын, кітап оқуға шақыратын қоғамдық қозғалыстардың бірі. Буккроссингтің ережесі бойынша, кез-келген адам өзі оқып бітірген бір кітабын қоғамдық көпшілік орындарда (саябақ, кафе, кітапхана және т.б.) қойып кете алады, кейін бұл кітапты тауып алған басқа адам оқиды, оқып болған соң, ол да сол кітапты орнына тастап кетеді, дәл осылай ол кітапты басқа оқырман оқи алады. Бұл қоғамдық қозғалысқа қатысушыларды – “буккроссерлер” деп атайды.

## Мақсаты

«Буккроссингтің» басты мақсаты ол – үйімізде шаң тозаң болып жатқан немесе оқылған кітаптарға «екінші өмір сыйлау»; оқырмандар арасында «кітап алмастыру» акциясын жүргізу; әр түрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру; кітапханаға оқырмандарды тарту; қунделікті өмірдегі әр оқырманның кітап оқу әрекетін танымал етуге өз үлесін қосу; әлемді үлкен кітапханаға айналдыру;

## Тарихы

«Буккроссинг» идеясын ең алғаш рет АҚШ-та интернет-технология маманы Рон Хорнбекер 2001 жылы ұсынған. Ол қоғамдық орында мынадай жазуы бар кітап қалдырды: «Бұл жоғалып кеткен кітап емес, мына сайтқа кіріп, оның бұрынғы иесін біле аласыз. Жарты жылдан кейін оның сайтында екінші рет дүниеге келген кітаптың жолын жалғастырған 300 белсенді пайдаланушы тіркелді. 2004 жылдан бастап «Bookcrossing» сөзі Оксфорд сөздігіне ресми түрде енгізілді.

## Буккроссингтің таралуы

Бүгінгі күні бұл қоғамдық қозғалыстың мүшелерінің саны 1,5 миллион адамнан асады және олардан 13 миллион кітап тіркеуге жазылыпты. Бұл қоғамдық қозғалыстың халықаралық сайты [www.bookcrossing.com](http://www.bookcrossing.com).

Алғашында пайда болған кезеңдерде буккроссинг Италия жерінде танымал бола бастады. Италиян тілінде «PassaLibro» деп аталатын бұл қоғамдық қозғалысқа мемлекетте назар аудара бастады. Мысалы, Флоренцияның билігі бұл қозғалысқа 4000 мындан астам кітап сыйлады және ол кітаптар бүкіл қоғамдық орындарында таратылды.

## Қазақстандағы буккроссинг

Ең алғаш рет бұл шара 2009 жылдың күзінде Алматы қаласында өтті. Буккроссингтің шарасы 2014 жылды Алматы қаласында өткен «Кітапфест» деп аталатын жәрменкеде өткізілген болатын. Үйымдастырушылардың деректеріне

сенсек, 10000 мыңнан астам кітап өздерінің жаңа үйлерін тауып, кітап алмасу жүргізілді.

Буккроссингтің алуан түрлілігі: «Қарапайым буккроссинг» (жоғарыда айтылып кеткен технология) «Букрей» - кітапты пошта арқылы жіберіп, бір адамның қолынан екінші адамның қолына жетіп, қала немесе мемлекеттер арасында кітап алмасу жүруі.

«Букринг» - букрейден ең басты айырмашылығы – кітап өзінің алғашқы оқырманына қайтарылуы тиіс.

